

2011 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 234 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қаңтарда N 5-13-83 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 10 ақпандағы N 698 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012.02.10 N 698 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Еңбекке орналасуда қиыншылықтарды бастан кешіріп жүрген аудан көлеміндегі тұрғындардың нысаналы топтарына әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын қолдану мақсатында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31-бабы, 1-тармағы, 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 5-4) тармақшасына және 18-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» № 836 қаулысына сәйкес Катонқарағай аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылға әлеуметтік жұмыс орындары құрылатын шағын бизнес нысандарының тізімі қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес (басшыларының келісімдері бойынша) бекітілсін.

2. «Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г. Болғамбаева) нысаналы топтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген жұмыссыздарды іріктейтін болсын.

3. Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы «2010 жылғы әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы» № 4518 қаулысының (2010 жылдың 22 қаңтарында нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5-13-67 тіркелген) күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.

С ә д у о в қ а

ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
Катонқарағай
2010 жылғы
№ 234 қаулысына қосымша

А. Бекбосынов
аудандық
30
әкімдігінің
желтоқсандағы

2011 жылға әлеуметтік жұмыс орындары құрылатын кәсіпорындардың ТІЗІМІ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2011.07.25 № 447 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ р/с	Атауы	Басшысының аты, жөні, тегі	Жіберілетін жұмыссыздардың саны
1	«Исатай» ЖШС	Е. Кешілбаев (келісімі бойынша)	3
2	«Мади» ЖШС	Е. Ибраев (келісімі бойынша)	2
3	Жеке кәсіпкер А. Абраимов	А. Абраимов (келісімі бойынша)	1
4	Жеке кәсіпкер С. Тұрашева	С. Тұрашева (келісімі бойынша)	1
5	«Атамекен» шаруа қожалығы	Т. Бақимбаев (келісімі бойынша)	3
6	«Сарымсақты» өндірістік кооперативі	В. Шершнев (келісімі бойынша)	2
7	«Ақсу+» ЖШС	А. Джуасов (келісімі бойынша)	4
8	«Комек» өндірістік кооперативі	М. Куконев (келісімі бойынша)	2
9	«Береке» шаруа қожалығы	Серік Мұқаш (келісімі бойынша)	2
	Жиыны:		20

Аудан әкімінің аппарат
басшысының міндетін атқарушы А. Нәбиева